ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 9 қазан № 4360-23-00-2/2263 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Alliance StroyCity» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Alliance StroyCity» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Alliance StroyCity» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіненмемлекет кірісіне 96 807 (тоқсан алты мың сегіз жүз жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 4 629 (төрт мың алты жүз жиырма тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Көшірме дұрыс

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 28.11.2023 жылы енді.

Төраға **Б.Е.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 14.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 28.11.2023, судья Елшібеков Б. Е., 30.11.2023

4360-23-3-1/2413